



АСТАНА

Х А Б А Р Ы

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ҰЛТ ҰҒЫМЫН ҰШТАҒАН

КӨРНЕКТІ ЖУРНАЛИСТ-ЖАЗУШЫ ЖАНАТ ЕЛШІБЕК ЖАЙЫНДА

Әріптестер пікірі

Темірхан МЕДЕТБЕК



■ Еңбекшіл адам қашанда ізденімпаз. Ал, ізденімпаз адам, әдетте, бір жерде байыз тауып отыра алмайды. Жанат бойындағы сергек асығыстықтың да бір ұшы осында жатыр. Ол күні кешеге дейін жөнді дамымай келген, бірақ адамның ой-өрісін кеңейтіп, танымын ұлғайтатын қажетті шығармашылық сала – танымдық туындылардың, яғни сөзжұмбақтардың тұтас галереясын жасаған екен. Сөзжұмбақ түзу деген ізденімпаздықпен бірге ыждағаттылықты, үлкен төзімді керек етеді. Бұл ретте Жанат бойындағы асығыстықтың төзіміне таң қаласың. Жанат Елшібектің жазушылық, журналистік еңбектері жұртқа кеңінен белгілі. Ол еңбектері елеусіз де, атаусыз да емес. Қаламы қарымды да, қуатты өзімің адал, ақкөңіл досыма жыр тілімен былай дегім келеді:

*Жаны сергек Жанатым,
Жүрек шамын жағатын.
Айналады жылытар,
Таусылмасын жан отың.*

Сабыржан ШҮКІРҰЛЫ



■ Ақжарқын мінезді, ақкөйлек пейіл, ойын ірікпей ағыл-тегіл айтып салатын; қандай оқиға болсын бейжай қарай алмайтын, жақсылыққа жаны желбіреп, құрақ ұшып жүретін Жанат Елшібектің ширек ғасырдан астам уақыт тұрғысындағы қаламдастық тынысы көз алдымда. Мен оның газетшілік, жазушылық шығармаларын қалт жібермеймін. Оның қай туындысы да тартымды оқиғасымен, тіл көркемдігімен ерекшеленеді. Әйтеуір біреу туралы бірден жазу емес, жекеден жалпыға ортақ, әлеуметтік мәні бар ой-пікір қозғау, ғибраттық істерге насихаттық сөз айту, ізгілікке үндеу бар. Бұл – сергек көңіл сезімдері, нәзік әуез пернелерінің үйлесімді үні, көп түсті бояуы қанық адам жан дүниесінің толқынды сырлары.

Бақыт САРБАЛАЕВ




■ ...Әр туындысында өрнектелген шығармашылық шабыт-сілкініс Жанат Елшібек болмысына тән емес деп кім айта алар?! Ол әрбір туындысын жазған шағында он ойлап, тоқсан толғанары күмәнсіз. Әйтпесе ақынжанды азамат, алаштың елін сүйген талантты бір перзенті Елшібектің Жанаты өз кітабын “Шағалалар жылай ма, осы?” деп елен еткізерлік, әрі тосын да нәзік ат қояр ма? Мұндай мысалдарды оның шығармаларынан көптеп келтіруге болады. Өйткені, Жанат – көп қырлы, кенен сырлы қаламгер.

Қали СӨРСЕНБАЙ



■ Жалпы, табиғаттың жанын түсінуде қаламгерге ерекше қасиеттер тән, жаратылысы бөлек болуы керек. Өнерде, оның ішінде жазу кәсібінде анамалистер, маринистер ұлттық сападан келіп сараптағанда некен-саяқ екенін жасыра алмайсың. Жазушы Жанат Елшібек осы көкжиектен жиі көрініп жүр. Бірде қызу өңгіменің үстінде оны “Қазақтың Песковы” деп қалғанымыз бар. Ендігі жерде дұрысы осы ойға тоқтаған абзал. Бұл пікірдің Жанат жазушының жан дүниесін жарқыратып көрсететініне шүбә жоқ.



Мен Жанат ағамды баяғыдан бері білетін сықылдымын. Шынында да біледі екем. Менің қолымдағы газет үйінділерінің арасында ерекше бір нөмір бар. Ол «Лениншіл жас» газетінің «Құрмет белгісі» орденін алуына байланысты арнайы шыққан мерекелік қосымшасы. 1973 жылғы 15 ақпанда шыққан. Осы нөмірдің айқарма бетінде газеттің шығу процесіне арналған арнайы топтама берілген. Әрине, суреттерімен. «Автордан оқушыға дейін» деп аталады. Осы топтаманың сол жақ тұсында жоғары жағын ала бере телетайп лентасының жанында екі кісі соңғы жаңалықтарды қарап тұр. Дүниенің төрт бұрышынан ағылып келіп жатқан ақпараттар тасқынын телетайп аппаратының тілін жөтік білетін Раушан Айүкенова мен соңғы жаңалықтарды көзден таса жібермейтін жауапты хатшының орынбасары Жанат Елшібеков керекті материалдарды осылай реттеп отырады деген сурет мәтіні бар. Суреттегі Жанат аға бір қырынан телетайп лентасына қадала қарап тұр. Ұзын бойлы. Шашы қап-қара. Көзінде көзәйнегі бар. Ол кезде Жанат Елшібековті білмейтін бала болушы ма еді? Түрлі ребус, кроссворд дегеннің неше атасын осы кісі дайындаушы ма еді? «Қазақстан пионері» газетінің бетінде бала танымын кеңейтетін нешестүрлі қызық материалдың бәрін дайындайтын осы кісі екен ғой. Мектеп қабырғасында жүргенде көзімізге оттай басылып, жадымызда жатталып қалған Жанат ағаның осы бейнесі мені 1990 жылы Шерхан Мұртаза Павлодарда жүрген жерінен «Социалистік Қазақстан» газетіне шақыртып алғанда туған ағамды көргендей алдымнан шыға келген. Дәл өзі. Еңсегей. Мұрты да сол қалпында. Шашы да қап-қара. Тіп-тік. Ширақ. Тез қимылдайды. Жұмысты да жапыра істейді. Сөзге сараңдау. Бір қарағанда. Білмейтін адамына ашыла қоймайды. Жақын тартқан адамына жанын беруге даяр тәрізді. Аңқылдап, жарқылдап кетеді. Жанат аға Экономика бөлімінің редакторы. Мен тілшімін. Көп болған жоқ. Ол кісі жауапты хатшы болып бекітілді. Орнына мені ұсыныпты. Жап-жаспын. Менен де гөрі мықты жігіттер бар. Шер-ағанның өзіне мақтауымды жеткізген. – Көрейік, – депті Шерағаң. – Мақтауын келістердің. Аяқ алысы қалай боларын... – Рахмет! Сенімді ақтадың! – деп Жанат аға арада бір-екі ай өтер-

өтпестен қолымды алып құшырлана қысқан. Содан бері ағалы-ініміз. Жақын туралы қалай айтса да, қайтпайтса да жарасады. Барлық бағаға лайықты. «Егемен Қазақстанның» нағыз еңбек торысы. Мұндай кісілер шетелде болса шіріген байдың өзі болар еді. Жақынның жазушылығын, журналистігін айтпаған күннің өзінде бір ғана танымдық тақырыпқа қалам тартқан саласын алып қарасаңыз, ғаламат еңбекқорлықтың үлгісін көрер едіңіз. Қазаққа әлі сканворд дегендер келмей жатқан кездің өзінде Жанат Елшібек қаламының ұшынан небір маржан төгілген. Жанат Елшібекті ұлттың танымал кеңейткен, ұғымын ұштаған қаламгер деп бағалау керек. Көді-сөдиді жазып, не болса соны теріп те жазушы атануға болады. Ой теру, маржан теру оңай іс емес. Ал елдің ойына ой қосу, ойландыру, миын қозғау, санағі түрткі салу екінің бірінің қолына келе беретін іс емес. Жанат Елшібек елді ойландырып келе жатқан қаламгер. Мыңдардың, миллиондардың санасына сәуле құйып келе жатқан адам. Жанат Елшібек газет шығару ісінің ең қиын саласы - жауапты хатшылықпен талай жылдан бері айналысып келеді. «Егемен» сияқты күнде шығатын газетте жұмыс істей жүріп, танымдық топтамалар мен бірге төл шығармашылығын қатар алып жүру және де бір орында табан аудармай қызмет істеу деген нағыз қайратты, нағыз қажырлы адамның ғана қолынан келсе керек. Жақын шығармаларының бәрі танымдық дүниелер. Бір ғана «Жетім жұрт» повесінен қысқа үзінді келтірейікші. «Сен өзің біздің Сарыесік өңірінде өсетін өсімдіктер мен шөптердің қандай түрлерін білесің? Жақсылықтың бұл жолғы сұрағын оп-оңай көрген Саят кідірместен: – Білемін деп тақылдай жөнелді. – Алабота, мия, сексеуіл, шеңгел, ақтөке, қамыс, қоға, жиде, жабайы жоңышқа... – Кеттік. Бес-бес өсімдіктен айттайық. Мен бастайын – шайшөп, қаратары, кекек, сары бас жоңышқа, қырық буын, ажырық, ешкітал... Ендігі кезек менікі. Ақ мия, қылша, құм сағыз, бүлдірген, шыралаң, жажұмыр.

– Меңдуана, қара сора, қау, қарабарак, қаралин... – Қызыл мия, илаж, шырғанақ, адыраспан, теріскен... – Біздің жерде өсімдіктің өзге де түрлері өседі. Көбінің сыртқы түстерін танығанмен, аттарын ажырата алмаймыз. Кейбірі еске тез түспей де қалады. Мысалы, меңдуана, текесақал, тораңғы, қарабауыр, изен, ажырық... – деп балалар өзара қызу өңгімеге кірісіп кетеді. Міне, шағын ғана хикаятта ұлттық дүниетанымды кеңейтетін қаншама өсімдік атауы келтірілген. Мұндай дүниелер Жанат Елшібек шығармашылығында көптеп кездеседі. Сөздің бір қайырымында «мұндай кісілер шетелде болса шіріген бай болар еді» деп те қалдық. Өңгіме материалдық игілікте тұрған жоқ. Ұлттық құндылықта. Жанат Елшібек инемен құдық қазғандай қалыпта ұлттық байлықты жасаған жан. Рухани таза бай адам. Уақыт өтер. Жылдар жетер. Жанат аға Елшібек еңбектері қазақ ұлтының кәдесіне уақыт өткен сайын жарай беретініне, қадірі де арта түсетініне күмән жоқ. Тек әншейінде беріліп жататын сыйлықтар, мәртебелі атақтар, омырауға қадалар ордендер осын-



дай кісілерді айналып өтіп кетіп жататына қайран қаласыз. Жақын ондай марапаттарға соншалықты зәру де емес. Елдің бағасын әлдеқашан алып қойған. Жұрт жадында Жанат Елшібек деген есімнің әліппедегі әріптердей жатталып қалғанының өзі көп нәрсені айқындаса керек. Жасын сөздің жампозы Сейдағаң - Сейдахмет Бердіқұлов ағамыздың Жанат ағаға қаратып айтқан мына бір сөзінің өзі неге тұрады!

– Әй, Жанат-ай, сықпаған “СҚ”-ға жарқыраған “Ленжасты” жапсырып-ақ жатырсың ғой! Дұрыс. Бү газетті өстіп өзгертпесен, қайтпай өзгертесің!.. Газет шығару ісінен азды-көпті хабары бар кез келген кісі бұ сөзден кейін Жанат Елшібекті қалағанын шешіп құрметтері сөзсіз. Бедел биігінде болыңыз, Жан-аға!

Нүртере ЖҮСІП

редакциясы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

Бас редактор Нүртере ЖҮСІП
Бауыржан ОМАРҰЛЫ
Бас редактор орынбасары
Талғат БАТЫРХАН
Бас редактор орынбасары
Зәуреш НҰҒЫМАНОВ
Жауапты хатшы
■ Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігі тіркеліп, 12.01. №4608-Г куәлігі берілген.
■ Редакция қол жетпейтін пікірлерді қабылдамайды. Оқырман хаттар жауап берілмейді.
■ Газет «Астана» газеті редакциясының компьютерлік жүйесімен жұмыс істейді.